

## Іскерлік сапарларды қаржымен қамтамасыз ету туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ӨКІМІ 7 ақпан 1994 ж. N 49-ө

Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі бастаған мемлекет пен үкімет делегацияларының шетелдерге ресми, жұмыс және іскерлік сапарларын қаржымен қамтамасыз етуді реттеу мақсатында:

1. Мемлекет пен үкімет делегациялары мүшелерінің Қазақстан Республикасының Президентін күзет қызметі мен жеке күзетінің бастықтарына тәуліктік шығыстарды тиісті лауазымдық үстемелерін қоса, барлық жағдайларда толық көлемінде, ал еріп жүрген адамдарға, жұмыс топ мүшелеріне, күзет комиссиялары мен баспасөз қызметкерлеріне белгіленген тәртіп бойынша төленетін болып белгіленсін.

2. Делегация мүшелерінің, еріп жүрген адамдардың, жұмыс тобы мүшелерінің, күзет және баспасөз қызметкерлерінің тұруына, тамақтануына, олардың ел ішінде жүріп-тұруын көлікпен қамтамасыз етуге байланысты, сондай-ақ ұшақ қызметінің шығыстарын қабылдаушы жақ өзіне алмаған жағдайда, тиісті құжаттар тапсырылған соң төлемі нақты шығыстары бойынша жасалатын болсын.

3. Делегациялардың сапардағы мерзімі мен болуы шарттарға сәйкес қажет болған жағдайда өкілдік мақсатына 10 мың АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта қаражатын бөлу көзделсін.

4. Ресми, жұмыс және іскерлік сапары кезінде делегацияларға еріп барған және валюта алған адам сапардан оралғаннан кейін үш күннің ішінде валюта қаражатын жұмсағаны туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қаржылық есеп береді.

Премьер-министр